Диссертациялық кеңестің 2019 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертациялар қорғау бойынша диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңестің төрайымы философия ғылымдарының докторы, профессор Масалимова Алия Рмгазиновна

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 18.02.2019 жылғы №49 бұйрығымен бекітілген

Диссертациялық кеңесте төменде көрсетілген мамандықтар бойынша диссертацияларды қабылдауға рұқсат етіледі:

6D020100 – Философия;
6D020400 – Мәдениеттану;
6D020600 – Дінтану;
6D021500 – Исламтану.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

2019 жылдың 22 маусымы мен 7 желтоқсаны аралығында диссертациялық кеңестің 3 отырысы өтті.

2. Диссертациялық кеңестің барлық отырыстарына бір реттен қатыса алмай қалған профессор Кулсариева Актолкын Турлыкановна мен PhD докторы Чарльз Уеллерден басқа барлық кеңес мүшелері қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

Ермагамбетова Куралай Сергабыловна – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ **(**6D020400 – Мәдениеттану**)**

Кабул Оралбай Курманбайулы – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ (6D020100 – Философия)

Кошербаев Жанболат Асетович – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (6D020100 – Философия)

4. ***Жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау***

«6D020400 - Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Ермағамбетова Құралай Сергабылқызының «Қазақстандағы мәдени брендинг: теориялар және тәжірибелер» атты диссертациялық жұмысы. Мәдени брендинг және өңірлік брендинг ғылыми, сараптамалық және басқарушылық қызмет ретінде әлемде және Қазақстанда саналы түрде соңғы онжылдықта қарқынды дамып келеді. Оған әлемдік ақпараттық кеңістіктің ашылуына әкелген нарықтық экономика және теңдессіздік дамудың жалпы әлемдік тәжірибелері себепші болып отыр. Тақырыптың өзектілігі қазіргі кездегі әлемдік жаһандық үрдістерге сәйкес елдердің, өңірлердің, жеке аймақтардың, қалалардың өзіндік ерекшелігін айқындайтын, халықаралық кеңістікте дәріптейтін мәдени

брендтерді жасау қажеттілігімен нақтыланады. Қазақстандық мәдениеттану ғылымының зерттеу кеңістігі үшін салыстырмалы тұрғыда жаңа мәселе болғандықтан мәдени брендинг үдерісі және оның еліміздегі көріністеріне алғаш рет кешенді мәдениеттанулық зерттеулер жүргізілді. Автор қазақстандық мәдениеттанулық зерттеудің бастамасы ретінде: мәдениет саласындағы әлемдік маркетологтардың еңбектері негізінде мәдени брендингтің генезисін, құрылымын және негізгі белгілерін жан-жақты қарастырды; әлемдік брендтеу тәжірибелері мен әдістемелерін саралау негізінде мәдени бренд көрсеткіштері мен өңірді дәріптеу шарттары жіктелді; заманауи брендтеу трендтеріне, тәсілдеріне, технологиялары мен мехнизмдеріне салыстырмалы талдау жасау арқылы өңірлерді дәріптеудің тиімді тәсілдері анықталды; еліміздің имиджідік өркениеттік даму бағыттарын айқындау үшін елдік, өңірлік және аймақтық брендинг теориялары, тұжырымдары және принциптері зерделенді; Қазақстандық мәдени брендинг тәжірибелерінің көрінісін айқындау үшін мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға талдау жасалды; естелік орындар мен киелі жерлер қазақстандық брендтеу үдерісін дамыту мен жетілдіру нысаны ретінде дәлелденді; мәдени брендинг үдерісін жүзеге асырудағы әлеуеті және кемшіліктері анықталды.

6D020100 – «Философия» мамандығы бойынша философия докторы(PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Қабул Оралбай Құрманбайұлының «Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» атты диссертациялық жұмысы. зерттеу жұмысында тұлғаның және сол арқылы қоғамның дамуына ықпал ететін мәдени-философиялық тетік; Адам-Қоғам-Дүниенің жаңаруының немесе тоқырауының айқындаушысы; көне мен бүгінді байланыстырушы көпір – «сабақтастық» ұғымы зерделенген. Жұмыстың өзектілігі бүгінгі жаңа басымдықтардың және дүниедегі, қоғамдардағы сабақтастықтардың мәртебесін, рөлін анықтау қажеттілігінен туындауда: заманауи Қазақстанның озық мәдениетті мемлекетке айналуы құндылықтар трансформациясының және сабақтастық құбылысының теориялық негіздерін ұғынуды, барынша толық рефлексиялауды және тәжірибелік тұрғыдан сараптауды қажет етеді. Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін былайша негіздейміз: «Сабақтастықтың» мәнін, формаларын, ерекшеліктерін және ұрпақаралық сабақтастықтың сырларын зерттеуге деген ұмтылыс бірінші кезекте дүниетанымдық себептермен негізделген. Өтпелі, дағдарысты кезеңдерде өткеніміз бен болашағымыздың сабақтастығы мәселесі өткір қойылады - мәдениетіміздің ішкі тетіктерін айқындап рухани әлеуетімізді тәжірбиелік әрекетке бастау беретін күшке айналдыру үлкен мәнге ие болады. Сол импульстің нәтижесінде анықталған-айшықталған ақиқат құндылықтардың болмысы жаңа ұрпақтың рухани қажеттіліктерін алдағы сан ғасырлар бойы өтей бермек. Мәдени әлеуметтік бағдарлардың өзгеруі жағдайында алдыңғы қатарлы озық тәжірибелермен қатар өз өткенімізді ескеру, игеру үлкен маңыздылыққа ие. Өзіне дейінгі ұлт тәжірибесін бойына сіңіріп ілгері дамытпаған, өз тарихын екшеп саралау арқылы өз болашағына бағдар жасамаған қоғам кертартпа қоғамға айналатындығы белгілі. Демек, барынша

ілгерілеп Мәңгілік Елге айналу үшін төл мәдениетімізді, ұлттың танымдық-тәрбиелік маңызға ие әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді қастерлеу қажет. Әлеуметтік және мәдени құбылыстарға мән беріп, әрбір байланыстың қайнарын айқындап, әлеуметтік, мәдени сабақтастықтың өзегін құрайтын жаңа шығармашылық әлеуеттерді іздестіру арқылы дағдарыстан жол табу - қоғамдық және ғылыми-танымдық міндет. Бұл тұста философиялық жаңашылдық пен сабақтастықты мінсіз, қатар қолдану талабы қойылуда. Себебі адами өмір-тіршіліктің өзегін құрайтын «сабақтастық» - әлеуметтік өмірдің мәдени нысандарының бекітілуіне, ұйымдастырылуына және жаңартылуына ықпал етеді

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)дәрежесін алу үшін дайындалған Кошербаев Жанболат Асетовичтің «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы. Диссертацияда «мультикультурализм» түсінігі, мультикультурализмнің жаһандану дәуіріндегі көрінісі, теориялық, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани негіздері және даму болашағы философиялық тұрғыдан талданды. Жаһандық үдерістің қазіргі таңда қарқынды дамып отырғаны белгілі. Бүгінгі дүние – тұтас елдердің, мәдениеттердің, қоғамдар мен экономикалардың интеграциясы үрдісі, олардың жиынтығы жаһандық қауымдастықты қалыптастыруда. Сондықтан, жаһанданудың – полимәдениеттілік факторының дүниежүзілік ауқымда диффузияласуының нәтижесінде XX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениет универсумында іргелі парадигмалық жаңарулар орын алып, жаһандық мәдениет құрылымының өзгеруіне, фрагментарлық пен маргиналдық пайда болып, мономәдениеттің мультикультурализммен алмастырылғандығына диссертациялық жұмыста баса назар аударылып, оның әлеуметтік-философиялық қырлары сарапталды. Диссертацияда мультикультурализм құбылысы «Мен», «Өзге» және «Бөгде» концепттері арқылы қарастырылды. Мультикультурализмнің теориялық-практикалық негіздерін талдау барысында оның қазіргі Қазақстан мемлекетіндегі тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік, құндылықтық-этикалық қырлары бейнеленіп, бұл құбылыстың Қазақстан қоғамын ілгері дамытуға ықпал ететіні дәйектелді, оның «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы перспективті жобалары концептуалды сараланды. Нәтижесінде, мультикультурализмнің қазіргі Қазақстан қоғамын дамытушы фактор екендігінің теориялық негіздері туралы нақты және тың тұжырымдар жасалды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Рецензенттер зерттеліп отырған проблемалардың ерекше өзектілігін және олардың қазақстандық ғылымның стратегиялық бағыттарын іске асырудағы назарын, қазіргі жаһандану әлемінің маңызды өзекті мәселелерін шешуге арналған ұсыныстарды әзірлеу үшін диссертациялардың маңыздылығын атап өтті. Осыған байланысты рецензенттер Қазақстанның мәдени брендингін зерттеу мәселелеріне оң баға берді. Докторанттардың

философиялық зерттеулерінде ерекше қызығушылық бар, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, құндылықтардың өзгеруі, философиялық категория ретіндегі сабақтастық және қазіргі қоғамның даму факторы ретіндегі мультимәдениеттілік атап өтілді. Рецензенттер философия ғылымы саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін бағалау бойынша қажырлы жұмыстар атқарды, бұл қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның проблемаларын, философиялық және мәдени, исламдық және діни ғылымдардың әртүрлі салаларындағы зерттеулердің практикалық бағытын ашып көрсететін диссертациялардың тиісті деңгейде дайындығын атап өтті.

Диссертацияны қарау кезінде рәсімдеу мен стилистикада аздаған қателіктер анықталды, диссертациялық зерттеудің мазмұндық жоспарына байланысты кемшіліктер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Инновациялық даму мен еліміздің әлемдік ғылыми және білім беру кеңістігіне интеграциялануында қазіргі уақытта халықаралық стандарттардың заманауи талаптарына сай келешегі зор, бәсекеге қабілетті ғылыми кадрлар маңызды рөл атқарады. Қазақстандық ғылымды әлемге әйгілеудің негізгі міндеті - ғылымның дамуына жағдай жасау, осы салада білікті, ғылыми бағыттардың қазіргі әлемінде сұранысқа ие ғалымдарды даярлау. Жаңа ұрпақтың ғылыми кадрларын даярлауда оң тәжірибе жинақталған, бірақ ғылыми кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру мақсатында уақытылы шешілуі қажет мәселелер бар, мысалы:

– мамандықтар бойынша пәнаралық және ғылыми-әдістемелік дайындықты күшейту;

– практикаға бағытталған зерттеулерге баса назар аудару;

– жоғары сілтемелі рейтингтік журналдарда жарияланған отандық ғалымдардың мақалаларын, жұмыстарын белсенді пайдалану.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер

	6D020100 – Философия	6D020400 – Мәдениеттану	6D020600 – Дінтану	6D021500 – Исламтану
Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-	-
Оның ішінде	-	-	-	-

Оның ішінде диссертациялық кеңес алып тастаған диссертациялар	-	-	-	-
ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-	-
Қорғау негізінде оң шешіммен	2	1	-	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	1	1	-	-
Қорғау негізінде теріс шешіммен	-	-	-	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	2	1	-	-
Оның ішінде басқа оқу ұйымдарынан	2	-	-	-

Диссертациялық кеңес
Төрайымы _____ А.Р. Масалимова

Диссертациялық кеңестің
Ғалым хатшысы _____ А.Д. Курманалиева

Мөр
Дата